

Н.А. Құдайбергенов*, э.э.к., доцент¹

Ә.М. Адилова, PhD, доцент¹

М.Қ. Әлиев, э.э.д., профессор²

М.А. Алтынбеков, PhD, қауым. профессор²

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті¹

Алматы қ., Қазақстан

Қазақ экономика, қаржы және

халықаралық сауда университеті²

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: miatbek@mail.ru

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада шағын кәсіпорындардағы бухгалтерлік есепте қалыптасатын ақпараттың пайдалылығын анықтайтын талаптар мен бухгалтерлік ақпараттың сапалық сипаттамалары, сонымен қатар есеп саясаты – бұл ұйымдағы бухгалтерлік есеп ережелерін белгілейтін негізгі құжаттардың бірі екендігі қарастырылған, шағын кәсіпорын кез келген басқа шаруашылық субъектісімен қатар бухгалтерлік есеп жүргізу мақсатында есеп саясатын жасауға міндетті екендігі айтылған.

Бұл мақалада шағын кәсіпорындардың есеп саясатын қалыптастыруға әсер ететін факторлар қарастырылады. Атап айтқанда, жеңілдетілген бухгалтерлік есепті жүзеге асыратын шағын кәсіпорындардың есеп саясатын қалыптастыру тәртібі ашылды.

Кілт сөздер: халықаралық қаржылық есеп стандарттары (ХҚЕС), бухгалтерлік есеп жалпы қағидаттары (БЕЖҚ), нарықтық қатынастар, есеп саясаты, жоспарлау, нормалау, бухгалтерлік есепті қалпына келтіру, шағын кәсіпкерлік, есеп саясаты, бухгалтерлік ақпарат, экономика, қаржылық есептілік.

Ключевые слова: международные стандарты финансовой отчетности (МСФО), международные стандарты бухгалтерского учета (МСБУ), взаимоотношения, бухгалтерский учет, планирование, нормирование, возрождение учета, малые предприятия, налоговый учет, учетная политика, учетная информация, экономика, финансовая отчетность.

Keywords: international financial reporting standards (IFRS), international accounting standards (IAS), relationships, accounting, planning, rationing, revival of accounting, small enterprise, accounting policy, accounting information, economy, financial reporting.

JEL classification: M 41

Кіріспе. Қазіргі мемлекеттік «Бизнестің жыл картасы 2020» бағдарламаға сай шағын және орта кәсіпорын, әсіресе шағын кәсіпорын елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Соған орай шағын және орта кәсіпорын-

дарының Қазақстан экономикасындағы орнын қарастырамыз. Және де есеп саясатын құрастырудағы негізгі мәселерді шешу маңызды болып табылады.

Біріншіден, шағын және орта кәсіпорындардың Қазақстан экономикасын-

дағы орнын ашып көрейік.

Сонымен, кәсіпорындардың үш түрі бар: ірі, орта және шағын. Олардың кешені бірін-бірі толықтырады және экономиканың бүкіл құрылымын құрайды.

Ірі бизнес негізінен елдің экономикалық және техникалық қуатын анықтайды. Ірі кәсіпорындар – бұл экономиканың «қаңқасы», экономикалық тұрақтылықтың негізі.

Орта кәсіпорын ішкі экономикалық жағдайларға көбірек тәуелді, сондай-ақ өз тобында отандық ірі және шетелдік капиталдар мен бәсекелесуге мәжбүр. Бұл орта кәсіпкерліктің протекционистік мемлекеттік экономикалық саясат жүргізу және нарықтық қатынастардың белгілі бір ережелерін қалыптастыру арқылы ішкі нарықты қорғауға деген қызығушылығын анықтайды және де орта кәсіпорын пен ұлттық мүдделер арасындағы тығыз байланысты анықтайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және халықаралық аудит стандарттарына сәйкес шағын және орта кәсіпорындағы есеп саясатын ұйымдастырудың негізгі аспектілерін қарау болып табылады. Экономикалық шығындардың себептерінің бірі есеп саясатын дұрыс емес немесе дұрыс құрмау болып табылады деп болжанады.

Осылайша, әсіресе әр түрлі қызмет түрлері бар шағын және орта кәсіпорындарда мәселе тұр және құрылыстағы есеп саясатын дұрыс ұйымдастырудың ерекше қажеттілігі пайда болады.

Бәсекелестік жағдайында ұйымды басқару жүйесінің теориясы мен практикасын дамытуға нақты қажеттілік пайда болды, тиісінше кәсіпорындардың жұмысы басқарудың тиімді жүйесін және оның ішкі жүйесін қалыптастыруды талап етеді, сөйтіп кәсіпорындағы есеп саясаты қалыптасады.

Кәсіпорынды басқаруда есеп саясатының тұжырымдамасын әзірлеу мәселесі өзекті. Қойылған мақсаттың мазмұны зерт-

теудің келесі міндеттерін шешу арқылы ашылады. Біріншіден, кәсіпорында басқару бақылауының маңызды және қажетті аспектісі ретінде әрекет ететін және оның қызметіне ішкі тәуелсіз баға беретін есеп саясатын ұйымдастыруды зерттеу. Екіншіден, шағын кәсіпорындардың есеп саясатының үрдісінің болашақта дамыту бойынша бағымды бағыттарын негіздеу және ұсыныстар әзірлеу.

Әдістер – зерттеу сипаттау әдісін, салыстырмалы талдау мен қорытуды пайдалану арқылы жүргізілді. Зерттеу көздері салық аудиті мәселелері бойынша ғылыми мақалалар болды. Ұсынылған жұмыста қазақстандық компанияларда салық аудитін жүргізу тәжірибесі қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Есеп саясаты ұғымы туралы әр түрлі ғалымдардың ойын қарастырайық.

«Кәсіпорынның есеп саясаты» ұғымы 1980 жылдың аяғында, Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес Комитет шығарған стандарттарда қолданылатын «accounting policies» ағылшын тіліндегі аудармасы ретінде қарастыруға болады. «Есептік саясат» ұғымы алғаш рет Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III бұйрығымен өзгертілген Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңда айтылып отыр [1].

М.Қ. Әлиевтің пікірінше, есеп саясаты ұйымдағы бухгалтерлік есеп процесінің барлық ұйымдастырушылық, техникалық, әдістемелік аспектілерін көрсетеді [2, 119 б.].

Есеп саясаты – кәсіпорынның қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну уақытында қолданатын қағидалар, келісімдер, ережелер мен практика болып табылады. (ХҚЕС IAS 8 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарты») [3].

Л.В. Назарованың пікірінше, «кәсіпорынның есеп саясаты – жарғылық және өзге де қызметтің экономикалық оқиғаларының фактілерін бастапқы бақылау (құжат-

тау және түгендеу), құндық өлшеу (бағалау және калькуляция), ағымдағы топтастыру (шоттар және қосарлы жазу) мен қорытынды тұжырымға (баланстық қорытынды және есептілік) бухгалтерлік есептің қойылған әдістерін реттеу» [4, 109 б.].

М.А. Алтынбековтың пікірінше, есеп саясаты – бұл «қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну үшін ұйым қолданатын нақты қағидалар, негіздер, келісімдер, ережелер мен тәжірибе» (IAS 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және қателіктер»). Компанияның есеп саясаты бухгалтерлік есеп процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге (НҚА) сай жасалады. Аталған актілер бухгалтерлік есепті реттеу жүйесін құрайды [5].

Осы бес тұжырымдама бірін-бірі толықтырады, дегенмен кәсіпорынның есеп саясаты барлық ұйымдардың меншік нысанының ұйымдық-құқықтық формасына қарамастан әзірленеді.

Негізгі бөлім. Шағын кәсіпорын, оның ішінде жеке кәсіпкерлік, бұқаралық сипатына байланысты, елдің әлеуметтік-экономикалық және ішінара саяси деңгейін анықтайтын шағын иеленушілердің үлкен тобын білдіреді. Халықтың көп бөлігі кәсіпорындардың осы түрінде қызмет істейді, яғни жұмыспен қамтылған, сонымен қатар олар тауарлардың және қызметтердің тікелей өндірушісі және тұтынушысы болады.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, экономикадағы шағын және орта кәсіпорынның рөлі соншалықты жоғары, сондықтан оларды асыра бағалау мүмкін емес. Бұл мемлекет өмірінің барлық салаларына әсер етеді: кейбір елдерде шағын және орта кәсіпорын жұмысшылар санында, өндірілген тауарлар көлемінде, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемінде маңызды рөл атқарады. Экономика үшін шағын кәсіпкерліктің икемділігін арттыратын негізгі мәселелер олардың икемділігі болып табылады. Шағын және орта кәсіпорынның дамуымен бірге сарапшылар

елдердің өзгеріп жатқан экономикалық жағдайларға қалай бейімделетінін зерттейді. Қазақстан үшін шағын кәсіпорынның қалыптасуы жоғары дамыған қоғам мен жоғары дамыған экономика үшін көпір болуы керек, сондықтан кейбір статистикаға назар аударайық.

Қазіргі әлемдік экономиканың құрылымы үлкен және кішігірім өндіріс нысандарының және, тиісінше, басқарудың барлық салаларында, соның ішінде сыртқы экономикалық байланыстардағы ірі және кіші бизнестің үйлесімімен сипатталады.

Шағын кәсіпорындардың жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүйесінде сапалы есептік ақпараттың қалыптасуына есептік саясат және маманданған бухгалтерлік пайымдау сияқты факторлар да әсер етеді. Бұл есептік саясат бухгалтерлік есепті жүргізудің техникалық, әдістемелік қаржылық және салықтық аспектілерін қамтамасыз ету жолымен шағын кәсіпорынның өзі мен есептік ақпараттың сыртқы қолданушылары арасындағы қызығушылықтардың балансын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар маманданған бухгалтерлік пайымдау есептік ақпарат сапасына тікелей әсер етеді, себебі ол қызығушылығы бар қолданушылар жағынан шағын кәсіпорындардың жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүйесіндегі шарушылық өмірдің фактілерін объективті түрде көрсетеді.

1-кестеде шағын кәсіпорында есеп саясатын құру барысындағы кәсіби бухгалтерлік пайымдама қарастырылған.

Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында шағын кәсіпорындар үшін есеп саясатының маңыздылығы және оның көрсеткіштерінің рөлі басқару шешімдерін қабылдау, кәсіпорынның нарықтағы жағдайын анықтау кезінде өте маңызды болмақ. Есеп саясатының ережелері мен тұжырымдамалары негізінде жүзеге асырылатын қаржылық есептеменің деректері бойынша кәсіпорынның мүлктік және қаржылық жағдайы, оның төлем қабілеті,

шаруашылық етудің негізгі ережелері, (нашарлауындағы) үрдістер және т.б. көр-кәсіпорын қызметінің жақсаруындағы сеткіштер белгіленеді.

1-кесте

Шағын кәсіпорында есеп саясатын құру барысында кәсіби бухгалтерлік пайымдаманы қолдану*

Себеп	Фактор			Шағын кәсіпорынның есеп саясатының элементтері
Бір жіктелімдік белгіден бір ғана нұсқаманы таңдауға болатын, жеке объектілер есебін тәртіпке келтіретін қолда бар нормативтік-құқықтық әдістерінің вариациялық қатары	Реттемелеуші вариация	Шектелген	Қарапайым	
Бірнеше жіктелімдік белгіден бір ғана нұсқаманы таңдауға болатын, жеке объектілер есебін тәртіпке келтіретін қолда бар нормативтік-құқықтық әдістерінің вариациялық қатары			Күрделі	
Тек біреуін міндетті таңдау шартынсыз жеке объектілер есебін тәртіпке келтіретін қолда бар нормативтік-құқықтық әдістерінің вариациялық қатары			Жиынтық	
Жеке объектілер есебін нормативтік-құқықтық әдісінде анықтылықтың жоқ болу жағдайында қолда бар вариациялық қатар		Анықталмаған		
Бухгалтерлік есепті жүргізудің нұсқалық тәсілдері заңнамаларға қарама-қайшылықта болады		Қарама-қайшылық		
Жеке объектілерге бухгалтерлік есепті жүргізуге нормативтік-құқықтық тәсілдерінің жоқ болуы		Нормативтік-құқықтық реттелмейтін		
Жеке объектілер бойынша қолда бар бухгалтерлік есептің нормативтік-құқықтық тәсілдері, шағын кәсіпорындардың қаржылық шаруашылық қызметтерінің жағдайы мен нәтижелерін нақтылы көрсетуге мүмкіндік бермейді	Сәйкес емес реттемелеушілік			

*[6] дереккөз негізінде автор (лар) құрастырған

Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында шағын кәсіпорындар үшін есеп саясатының маңыздылығы және оның көрсеткіштерінің рөлі басқару шешімдерін қабылдау, кәсіпорынның нарықтағы жағдайын анықтау кезінде өте маңызды болмақ. Есеп саясатының ережелері мен тұжырымдамалары негізінде жүзеге асырылатын қаржылық есептеменің деректері бойынша кәсіпорынның мүліктік және қаржылық жағдайы, оның төлем қабілеті, шаруашылық етудің негізгі ережелері, кәсіпорын қызметінің жақсаруындағы (нашарлауындағы) үрдістер және т.б. көрсеткіштер белгіленеді.


Заңды тұлға болып табылатын кәсіпорын мекеме филиалдардың, өкілдіктердің, бөлімдердің және дербес балансқа бөлінген басқа да құрылымдық бөлімшелердің өндірісі мен шаруашылығындағы мүліктерді қоса алғанда, мүлік пен олардың қалыптасу көздерінің құрамын көрсететін қаржылық есеп беруді есеп саясатының ережелері мен тұжырымдамалары негізінде жасайды. Қаржылық есеп беру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде әзірленетін және бекітілген типтік нысандар бойынша жасалады. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп»

Заңына сәйкес, кәсіпкерлер және ұйымдар бухгалтерлік есепті және қаржылық есепті құруын жүргізуге міндетті [7].

Шағын және орта кәсіпорындарының бухгалтерлік есебін ұйымдастырудағы есеп саясатының маңыздылығы жоғары болып табылады. Есеп саясатын дұрыс қалыптастыру бухгалтерлік есеп процесіне қатыса-

тын ұйымның барлық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етіп отырады және туындаған мәселелерді шешуге шығындарды (материалдық, еңбек) азайтып отырады [8].

Жалпы ұйым есеп саясатының қалыптастыруына бірнеше факторлар әсер етеді (факторлар 1-суретте көрсетілген).



1-сурет. Есеп саясатына әсер ететін негізгі факторлар*

**[9] дереккөз негізінде автор (лар) құрастырған*

Осы факторлардың әрқайсысын негізге ала отырып ұйым өз есеп саясатын ұйымдастырады. Негізгі мәселелердің бірі – кәсіпорында жасалынатын есептік саясаттың құрамы болып келеді. Мамандардың кейбіреулері есептік саясаттың екі түрін бөлек құруларын ұсынады: алғашқысын бухгалтерлік есебінің мақсатына, екіншісін салықты салудың мақсатына, ал өзгелері бірыңғай есеп саясатын құру тиімдірек және ұтымдырақ деп ойлайды, атап айтқанда жекелеген объектісі және операциясына байланысты бухгалтерлік және салық

жазуларын біріктіру керек деп ойлайды.

Шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіндегі есеп саясатының қалыптасу негізінде жататын және басқа да факторларды көрсетуді қажет етудің негізгі факторы – шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің ерекшеліктерін анықтайтын заңнамалардың арнайы нормалары болып келеді.

Мұнда шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіндегі есеп саясатының қалыптасуында ұстанымдық рольді шағын кәсіпорынның түрі атқа-

рады – заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер. Бұл әр түрлі түрлерінің шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен жүргізудің сұрақтарында біркелкіліктің жоғын түсіндіреді.

Шағын кәсіпорындардың мөлшері келесі фактор болып келеді. Себебі өзінің есептік ерекшеліктері бар микрокәсіпорындар олардың ішінен бөлініп шығады.

Шағын кәсіпорындардың есеп саясатының қалыптасуының ерекшеліктері қарастырылған факторларды анықтайды. Бірақ берілген ғылыми зерттеуде шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіндегі есеп саясаты қарастырылады. Сондықтан шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесінде есеп саясатының қалыптасуына әсер ететін қажетті фактор есеп саясатының қалыптасуының ұстанымдарына сәйкес болуы болып табылады.

Шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесінде есеп саясатының қалыптасуына әсер ететін факторларды талдай отырып, оның сатыларын қарастыруға өту қажет.

Есеп саясатының зерттеу үрдісі шағын кәсіпорындардың есеп саясатының қалыптасу үрдісіне әсерін тигізетін байыпты өзгешеліктерді айқындау мақсатымен бухгалтерлік есеп пен есептіліктің қалыптасқан жүйесінің, шағын кәсіпорынның ұйымдық құрылымының және оның шаруа жүргізу шарттарының кешендік зерттемені болжайтын даярлық сатыдан басталады. Даярлық сатының сапасынан шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіне максималды сәйкес есеп саясатының жобасын қалыптастыруды болжау негізгі болып келетін есеп саясатты талқылау сатысында нақты шешімдерді қабылдау тәуелді болады.

Есеп саясатының жобасын даярлау кезінде есеп ақпаратының сапасын жоғарылату сұрақтарында шағын кәсіпорындар үшін тәжірибелік мағына және прогрессивті

жолы болып келетін қызығушылық танытқан пайдаланушылардың кең ауқымының қажеттіліктеріне сәйкес болу керектігінен бастау керек. Демек, шағын кәсіпорынның есеп саясатының жобасын шаруашылықтың нақты жағдайлары мен перспективаларын модельдеу керек.

Шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесінде есеп саясатының қалыптасуының келесі сатысы бағалау және бақылау сатысы болып келеді. Бұл сатыда:

1. Есеп саясатының жобасында көрсетілген бухгалтерлік есептіліктің өзгертулері туралы ақпаратты тану және айқындау ережелеріне сәйкес бағаланады;

2. Берілген ақпаратты айқындауда бақылау жүргізіледі.

Қажет болғанда, бағалау және бақылау сатысының нәтижесі бойынша түзету сатысында есеп саясатының жобасының жағдайларын қайта қарау және пысықтау жүргізіледі.

Шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіндегі есеп саясатының қалыптасудың соңғы сатысы шағын кәсіпорынның есеп саясаты туралы жағдайлар бекітілетін ұйымдық-басқару құжатты даярлайтын есеп саясаты бекітілетін сатысы болып келеді.

Сонымен, шағын кәсіпорындардың бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесіндегі есеп саясатының қалыптасуы сапалы есеп ақпаратын қалыптастыруға бағытталған шағын кәсіпорындар үшін бухгалтерлік есебінің жеңілдетілген жүйесін қарастыратын бухгалтерлік есеп саласындағы іс қолданыстағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына максималды сәйкес келетін терең көпсатылы үрдіс.

Қорытынды. Осыған байланысты есеп саясатының екі түрін ажыратуға болады: формалды және тиімді. Тиімді есеп саясатын ішкі құжаттамада белгіленген, кәсіпорынды дамыту стратегиясына сәйкес және қолда-

ныстағы заңнама аясында бухгалтерлік есеп жүйесінің әсерін барынша арттыруға ықпал ететін есеп жүргізудің қағидалары, әдістері мен ережелерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Сонымен, қорытындылап кететін болсақ, осы жоғары айтылған мәселелер орындалған кезде шағын және орта кәсіпорындарындағы есеп саясаты қалыптастыры-

лады. Біздің пікіріміз бойынша, есеп саясаты дегеніміз ұйымның бухгалтерлік есепті жүргізу ережелерін қолдану саласындағы мүдделерін қорғайтын құжат болып табылады. Онда есепке алудың қағидалары мен әдістерін пайдалана отырып, шаруашылық қызмет туралы шынайы және жедел ақпарат алуға мүмкіндік беретін нормалар көзделуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. № 234-III Заңы (28.12.2019 жылғы өзгертулер мен толықтырулар) ҚР Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсы. www.ppline.zakpp (Жүгінген күні: 11.02.2020 ж.).

2. Әлиев М.Қ., Алтынбеков М.А., Түсібаева Г.С., Юсупов Ұ.Б., Есенбаева А.Е. Шағын және орта кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп пен салық есебін ұйымдастыру: Оқу құралы. – Астана, 2016. – 288 б.

3. «Халықаралық Қаржылық есеп стандарттары». www.Minfin.kz (Жүгінген күні: 11.02.2020 ж.).

4. Назарова Л.В. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп. – Алматы: Экономика, 2011. – 322 б.

5. Алтынбеков М.А., Түсібаева Г.С., Юсупов Ұ.Б. Учетная политика как системообразующий фактор бухгалтерского учета в организации // Вестник университета «Туран». – Алматы, 2016. – № 3(71). – С. 138-144.

6. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=106&slug=1-2018&cat_id=6&lang=ru (Жүгінген күні: 11.02.2020 ж.).

7. Төреханова А.О., Смыкова М.Р., Тютюникова М.Р. Қазақстандағы шағын бизнестің даму динамикасын талдау // ҚазЭҚХСУ Жаршысы. – 2019. – № 3. – Б. 8-14.

8. Әлиев М.Қ., Алтынбеков М.А., Түсібаева Г.С., Юсупов Ұ.Б., Есенбаева А.Е. Қаржылық есеп. – Астана: ҚазЭҚХСУ, 2016. – 296 б.

9. «Халықаралық Қаржылық есеп стандарттары». www.Minfin.kz (Жүгінген күні: 11.02.2020 ж.).

REFERENCES

1. Byhgalterlik esepke aly zhane karzhylyk eseptilik turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 28.02.2007 zh. № 234-III Zany (28.12.2019 zhylygь ozgertyler men tolyktyrylar) KR Karzhy ministrloginin resmi internet-resyrsy. www.online.zakon (Zhugingen kьni: 11.02.2020 zh.) [in Kazakh].

2. Aliev M.K, Altynbekov M.A., Tusibaeva G.S., Jusupov U.B. Esenbaeva A.E. Shagyn zhane orta kasiporyndagy buhgalterlik esep pen salyk esebin ujymdastyru: Oku kuraly. – Astana, 2016. – 288 b. [in Kazakh].

3. «Halykapalyk Karzhylyk esep standarttary». www.Minfin.kz (Zhugingen kьni: 11.02.2020 zh.) [in Kazakh].

Қаржы және есеп / Финансы и учет

4. Nazarova L.V. Sharyashylyk zhyrgizyshi cyb#ektilerdegi byhgalterlik ecer». – Almaty: Ekonomika, 2011. – 322 b. [in Kazakh].
5. Altynbekov M.A., Tusibaeva G.S., Jusupov U.B. Uchetnaja politika kak sistemoobrazujushhij faktor buhgalterskogo ucheta v organizacii // Vestnik universiteta «Turan». – Almaty, 2016. – № 3(71). – S. 138-144 [in Russian].
6. Ulttyq ekonomika ministrlygi Statistika komiteti. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=106&slug=1-2018&cat_id=6&lang=ru (Zhugingen kuni: 11.02.2020 zh.) [in Kazakh].
7. Torehanova A.O., Smykova M.R., Tjutjunikova M.R. Kazakhstandagy shagyn biznestin damu dinamikasyn taldau // KazJeKHSU Zharshysy. – 2019. – № 3. – Б. 8-14.
8. Aliev M.K., Altynbekov M.A., Tusibaeva G.S., Jusupov U.B., Esenbaeva A.E. Karzhylyk esep. – Astana: KazJeKHSU, 2016. – 296 b. [in Kazakh].
9. «Halykaralyk Karjylyk esep standarttary». www.Minfin.kz (Zugingen kuni: 11.02.2020 zh.) [in Kazakh].

Н.А. Кудайбергенов, А.М. Адилова, М.К. Алиев, М.А. Алтынбеков

**ВАЖНОСТЬ И ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕТНОЙ ПОЛИТИКИ
НА МАЛЫХ И СРЕДНИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ**

Аннотация

В статье рассмотрены требования и качественные характеристики бухгалтерской информации в системе учета на малых предприятиях, определяющие ее полезность.

Отмечено, что малое предприятие наравне с любым другим хозяйствующим субъектом обязано составлять учетную политику для целей ведения бухгалтерского учета. Учетная политика является одним из основных документов, который устанавливает правила ведения бухгалтерского учета в организации.

В данной статье рассмотрены факторы, влияющие на формирование учетной политики малых предприятий. В частности, раскрыт порядок формирования учетной политики малых предприятий, осуществляющих упрощенный бухгалтерский учет.

N. Kudaibergenov, A. Adilova, M. Aliyev, M. Altynbekov

**ISSUES RELATED TO THE FORMATION OF ACCOUNTING POLICIES
FOR SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES**

Annotation

The article considers the requirements and qualitative characteristics of accounting information in the accounting system for small enterprises that determine its usefulness.

In the scientific article, it is noted that a small enterprise, along with any other business entity, is required to draw up an accounting policy for the purposes of accounting. The accounting policy is one of the main documents that sets the rules for accounting in an organization.

This article discusses the factors that influence the formation of accounting policies of small enterprises. In particular, the procedure for forming the accounting policy of small enterprises engaged in simplified accounting is disclosed.

